

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Қазақстан тарихы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. 1726 жылы Ресейден кіші жүз қазақтары үшін «қорғаушылық сұрауға» елшілікке Қойбағар Көбековты жіберген билеуші:

- A) Сәмеке сұлтан
- B) Абылай сұлтан
- C) Жолбарыс хан
- D) Әбілқайыр хан
- E) Болат хан

2. 1715-1716 жылы салынған әскери-инженерлік құрылыстар:

- A) Жәміш, Омбы
- B) Железинск, Семей
- C) Өскемен, Кереку
- D) Петропавл, Орынбор
- E) Ор, Тобыл

3. Третьяк Чебуков бастаған елшілік келген уақыт:

- A) 1594 ж.
- B) 1574 ж.
- C) 1569 ж.
- D) 1573 ж.
- E) 1587 ж.

4. Қазақ көшпелі қоғамында ақсүйектерге жатты:

- A) билер
- B) нояндар
- C) тархандар
- D) қожалар
- E) райаттар

5. Қазақ хандығы орнығып нығайған тұста Шығыс Дешті Қыпшақ үшін «сауда айлағы» болған қала:

- A) Сауран
- B) Сайрам
- C) Сығанақ
- D) Аққорған
- E) Құтжан

6. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан аумағында орналасқан әскери оқу орындарының саны:

- A) 12
- B) 54
- C) 36
- D) 27
- E) 42

7. Гитлершілдердің КСРО-ны «жаулау» жоспары бойынша құрылатын «индустриялық облыс» құрамына кіруі тиіс Қазақстан аумағы:

- A) Семей
- B) Орал
- C) Қарағанды
- D) Көкшетау
- E) Шымкент

8. 1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» деген айыппен қамауға алынған алашордалықтардың саны:

- A) 40
- B) 44
- C) 51
- D) 55
- E) 62

9. 1925 жылы Қазақ «Ауылдарын кеңестендіру» ұраны көтерілді:

- A) Ф.Голощекин тұсында
- B) С.Меңдешов тұсында
- C) Л.Мирзоян тұсында
- D) Ж.Шаяхметов тұсында
- E) Радус-Зенькович тұсында

10. Индустрияландыру жылдары білікті жұмысшы мамандар, инженер-техник қызметкерлер сырттан әкелінді:

- A) Литва мен Латвиядан
- B) Молдова мен Грузиядан
- C) Түркіменстан мен Әзербайжаннан
- D) Қырғызстан мен Тәжікстаннан
- E) Ресей мен Украинадан

11. Индустрияландыру жылдары Шымкентте ашылған кәсіпорын:

- A) Полиметалл комбинаты
- B) Мыс зауыты
- C) Химком-комбинат
- D) Қорғасын зауыты
- E) Аяқ киім фабрикасы

12. Индустрияландыру жылдарында, өнеркәсіп салаларын комплексті дамытуды, қазақ шаруаларын жұмысқа тартуды, шет аймақтарды жедел қарқынмен индустрияландыруды ұсынған қоғам қайраткері:

- A) О. Исаев
- B) Н. Нұрмақов
- C) С. Сәдуақасов
- D) Е. Ерназаров
- E) О. Жандосов

13. 1925 жылы желтоқсанда индустрияландыру бағытын жүзеге асыруды жариялаған:

- A) X съезд
- B) XIV съезд
- C) XI съезд
- D) XV съезд
- E) XX съезд

14. 1928 жылы тамызда қабылданып қазақ ауылдарына залал әкелген қаулы:

- A) ЖЭС-ке көшу жайлы
- B) Ұжымдастыруға көшу жайлы
- C) Индустрияландыруға көшу жайлы
- D) Бай шаруашылықтарын тәркілеу жайлы
- E) Қазақ ауылдарын кеңестендіру жайлы

15. Азамат соғысы жылдарындағы Солтүстік Жетісу майданы жойылды:

- A) 1918 жыл мамыр
- B) 1920 жыл наурыз
- C) 1919 жыл сәуір
- D) 1918 жыл маусым
- E) 1921 жыл сәуір

16. «Жаңарған Ресейдің азат азаматтары - қазақтарға» үндеуі мен «Қазақтарға ұйымдасу қажет» тезистері қабылданды:

- A) Азамат соғысы қарсаңында
- B) I-ші дүниежүзілік соғыстан кейін
- C) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен кейін
- D) Ақпан революциясынан кейін
- E) Қазан революциясынан кейін

17. 1917 жылы Ақмола қаласында орналасқан жастар ұйымы:

- A) «Еркін дала»
- B) «Бірлік»
- C) «Жас қазақ»
- D) «Үміт»
- E) «Қазақ жастарының революцияшыл одағы»

18. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жайлы зерттеген отандық ғалым:

- A) М. Әбусейтова
- B) М. Қозыбаев
- C) Н. Масанов
- D) Г. Темиргалиев
- E) Б. Сүлейменов

19. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып жазалаушылардың қысымымен Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болған:

- A) Торғай көтерілісшілері
- B) Қарақұм көтерілісшілері
- C) Жетісу көтерілісшілері
- D) Маңғыстау көтерілісшілері
- E) Созақ көтерілісшілері

20. 1916 жылғы патша жарлығына байланысты, еңбек армиясына адам алу жөнінен асықпауға шақырып, алдын-ала дайындық шараларын жүргізу керектігін патша әкімшілігіне жеткізуге тырысты:

- A) А. Бірімжанов, П. Саликов, Т. Рысқұлов
- B) З. Тазетдинов, М. Тынышпаев, Б. Алманов
- C) Ә. Жангелдин, Т. Бокин, Ә. Әйтиев
- D) С. Сейфуллин, А. Бәрібаев, Ж. Мыңбаев
- E) А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Әлеуметтік мекемелердің жұмысын ұйымдастыру
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Маманның потенциалы - бұл:

- A) білім, мүмкіндіктер, тәжірибе, алға ұмтылу және қажеттіліктер жиынтығы
- B) адамның денсаулығы
- C) жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті
- D) өндірістен үзбей біліктілігін арттыру қабілеті
- E) адамның өнімді өндіру қабілеті

2. Егер де құжат комиссия құрамы бойынша құрастырылатын болса, онда комиссия мүшелерінің қолын рәсімдеу келесідей ретпен орналастырылады:

- A) алфавит бойынша лауазымдары көрсетіле отырып
- B) еркін тәртіпте лауазымдары көрсетілмей
- C) еркін тәртіпте лауазымдары көрсетіле отырып
- D) лауазымдары бойынша
- E) алфавит бойынша лауазымдары көрсетілмей

3. Адам тәртібінің Y теориясына жатқызылмайды:

- A) жұмысқа деген салқындық
- B) өзін –өзі басқаруға дайындық
- C) өзін-өзі бақылауға дайындық
- D) жауапкершілікке талпыну
- E) тұрақты бақылау мен нұсқаулықтың қажеттілігі

4. Ұйым жарғысы, еңбек тәртібінің ережесі, құрылымдар мен бөлімшелер туралы ережелер мына әдістің құралдары болып саналады:

- A) әкімшілік
- B) экономикалық
- C) әлеуметтік-психологиялық
- D) кешендік
- E) құқықтық

5. Денсаулықты сақтау, тәрбие, еңбек тәрбиесін қалыптастыру, интеллектуалдық деңгейінің дамуы, жалпы білім алуы, мамандық иесі атану және т.б. жұмсалған шығындар - бұл:

- A) спорттық кешендер құрылысына инвестициялар
- B) оқу-сауықтыру кешендеріне инвестициялар
- C) жаңа технологияларға инвестициялар
- D) адам капиталына инвестициялар
- E) өндіріске инвестициялар

6. Адамдардың өмірлік мәселелерін шешуге кәсіби көмек көрсететін маманның дағдылары мен білімдерінің жоғары деңгейі- бұл:

- A) кәсіби бейімділік
- B) кәсіби дайындық
- C) кәсібилік
- D) кәсіби бағытталу
- E) кәсіби мамандану

7. Кадрлық психодиагностикалау мыналарды анықтауға бағытталған:

- A) еңбекті қорғау жағдайына
- B) еңбек ету барысында тұлғаралық қатынас пен ықпал етуге
- C) тұлғаға жеке тұрғыда мінездеме беру
- D) кәсіби жарамдылығы мен табыстылығы бойынша
- E) еңбек үрдісінің эргономиялық ерекшеліктеріне сай

8. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі маманның жоғары деңгейлі дайындығы

- A) кәсіби дайындық
- B) кәсіби шеберлік
- C) кәсіби құзіреттілік
- D) кәсіби бағытталу
- E) кәсіби мамандану

9. Арнайы әлеуметтік көмек көрсету үшін мемлекеттік саясат негізделетін принциптер

- A) адам құқығының сақталуы
- B) адамгершілік, еркіндік, құпиялылық, арнайы көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі
- C) өмірде қиын жағдайларға тап болған тұлғалардың (отбасылардың) арнайы әлеуметтік көмек алуының теңдестірілген мүмкіндіктері
- D) тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру және әлеуметтік интеграциясы
- E) интеллектуалдық еңбекке иелік ету еркіндігінің сақталуы

10. Өз бетімен жүріп-тұру, сөйлесу, қарым-қатынас орнату, тәртібін қадағалау, оқу және еңбек қызметі сияқты толық және жартылай қабілеті мен мүмкіндіктерінен айырылу:

- A) еңбекке қабілетсіздік
- B) әрекетке қабілетсіз
- C) тіршілік әрекетін шектеу
- D) сырқат
- E) жұмысқа қабілетсіздік

11. Профессиограмма -бұл:

- A) қызметкерлердің міндеттері мен құқықтарының тізімі
- B) кәсіпорындағы әр қызметкердің арнайы және жалпы еңбектік қабілетін сипаттау
- C) өз күзiреттілігінің аумағында қызмет атқара алатын қызметкердің мамандықтарының тізімі
- D) адамға қойылатын талаптар мен кәсіби еңбегі мазмұнын ашатын, нақты бір мамандық ерекшеліктерін сипаттау
- E) барлық мамандықтар тізімі

12. Қарапайым адамдардан сырт белгілері бойынша ешқандай айырмашылықтары жоқ, алайда дені сау адамдар ғана атқара алатын әртүрлі салада еңбек етуге қабілетсіз деп танылған тұлғалар:

- A) еңбекке жарамсыз
- B) дамуында кемшілігі бар тұлғалар
- C) мүгедектер
- D) қарапайым адамдар
- E) әрекетке қабілетсіз

13. Жұмыс беруші мен интеллектуалды еңбекті сатып алушы немесе интеллектуалдық қызмет субъектілерінің өздері интеллектуалдық еңбекке бағаны қалыптастыру үшін өзара реттелетін қарым-қатынас:

- A) интеллектуалдық еңбек нарығы инфрақұрылымы
- B) қаржылық нарық инфрақұрылымы
- C) аграрлық биржалар
- D) кәсіпкерлікке қолдау көрсету қорлары
- E) интеллектуалдық еңбек иегерлері

14. Персонал менеджментінің қызметіне жатқызылмайтын басқару әрекеті

- A) есептерді құрастыру
- B) жоспарлау
- C) болжау
- D) ынталандыру
- E) ұйымдастыру

15. Кәсіпорында лауазымдық нұсқаулықтар мынадай мақсаттарға негізделіп дайындалады:

- A) кәсіпорынға қызметкерлер жалдау
- B) нақты бір лауазымға персонал іріктеу
- C) әрекет етуші заңнамаға сәйкес
- D) кәсіпорын қызметкерлерінің нақты жауапкершілігі мен құқықтарын, міндеттерін, біліктілік талаптарын анықтау
- E) кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына жету

16. Персоналды басқару қызметіне жатқызылады

- A) кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кадрлар жұмысының бағыттары мен амалдар кешені
- B) кәсіпорын іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға бағытталған амалдар мен бағыттар кешені
- C) ұйымның жарғылық қорын арттыру бойынша амалдар мен бағыттар кешені
- D) кәсіпорынның стратегиясын жетілдіру бойынша амалдар мен бағыттар кешені
- E) өнімнің өзіндік құнын төмендету бойынша шаралар мен бағыттар кешені

17. Қызметкердің лауазымына сай екендігін анықтау, оның артықшылықтары, жетістіктері, қабілеттері, жұмыс барысындағы тәртібі туралы пікір айту ... анықталады

- A) қызметкерді аттестациялауда
- B) кәсіби іріктеуде
- C) таңдап алу арқылы
- D) кәсіптік бағдар беруде
- E) кәсіби кеңес беруде

18. Арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілер міндетті емес:

- A) әлеуметтік қызмет көрсету қызметі стандарттарын сақтауға
- B) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету қызметі стандарттарын сақтауға
- C) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету үшін жағдай жасауға
- D) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулерді қабылдаушылар мен олардың жанұя мүшелерінің құндылықтарын бағалауға
- E) әлеуметтік қорғалудың шетелдік тәжірибесінің жаңа тенденцияларын игеруге

19. Интеллектуалдық келіспеушіліктер негізделеді

- A) ғылымдағы идеялар күресі мен шынайы және қателік жіберілген қақтығысулар бірлігіне
- B) бір немесе басқа адамның қызығушылықтары, уәждері, қажеттіліктері қарама-қарсы, бірақ күш жағынан бірдей қақтығысуларға
- C) адамдардың қаруланған топтары қақтығыстарына
- D) жақсылық пен жамандыққа, міндеттері мен ар-ұятына қарсы тұруына
- E) әділеттілік пен әділетсіздікке қарсы тұруға

20. Лауазымынан тыс басқару жүйесіндегі мамандар жіктеледі:

- A) жоғарғы, бас, жетекші мамандар
- B) жетекші, бас, жетекші мамандар
- C) инженерлік-техникалық қызметкерлер, кеңселік қызметкерлер
- D) тұрақты, маусымдық, уақытша
- E) ішкі, сыртқы

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Персоналды бағалау мыналарға әсер етеді:

- A) кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту деңгейін диагностикалау
- B) жұмысқа қойылатын стандартты талаптарға сай жеке нәтижелерді салыстыру
- C) сапа стандартынан ауытқыған қызметкерлерді анықтау
- D) жетілу мен қызметін тиімді жүргізу перспективасын бағалау
- E) әлеуметтік төлемдерді арттыру
- F) өз еркімен жұмыстан босатылу

22. Персонал қозғалысына жатқызылады:

- A) біліктілігін немесе лауазымын жоғарылату
- B) тең дәрежелі жұмыс орнына ауыстыру
- C) лауазымын төмендету
- D) әртүрлі себептерге байланысты жұмыстан шығару
- E) қызметтік іс сапарлар
- F) жұмыстың вахталық тәсілі

23. Мүгедектерді кәсіби бейімдеуге жатқызылады:

- A) кәсіби бағытталу
- B) кәсіби оқыту немесе қайта оқыту
- C) жұмысқа орналастыру
- D) кәсіби қайта оқыту
- E) медициналық емделу
- F) психологиялық кеңес беру

24. Топтағы типтік рөлдер

- A) ұйымдастырушы
- B) идея генераторы
- C) сыншы
- D) эксперт
- E) демократ
- F) экономист
- G) тәлімгер
- H) бақылаушы

25. Қарт адамдар мен жасы келген адамдардың әлеуметтік қорғалуы келесілерден тұрады

- A) жасы бойынша зейнетақы төлеу
- B) профилактика
- C) салық төлеу
- D) сауықтандыру
- E) бейімдеу
- F) әлеуметтік қамтамасыз ету

26. Әлеуметтік орта қызметтерін басқару органдары келесідей әлеуметтік жұмыс топтарының келесідей әдістерін көрсете отырып олардың қызметтерін тәжірибе жүзінде талдайды:

- A) әкімшілік
- B) педагогикалық
- C) психологиялық
- D) әлеуметтік-экономикалық
- E) заңдық
- F) себептілік

27. Қарт адамдарға қандай мәселелер қатты кедергі келтірмейді:

- A) білім беру мәселелері
- B) қайта оқыту
- C) біліктілікті арттыру
- D) жалғыздық мәселесі
- E) денсаулық мәселелері
- F) психологиялық мәселелер

28. Әлеуметтік қызмет көрсету барысында негізгі талап қойылады

- A) әлеуметтік қызмет көрсетулер көлеміне
- B) әлеуметтік қызмет көрсету сапасына
- C) қызмет көрсетулердің тәртібі мен шарттарына
- D) валюта бағамына
- E) экономиканың өсу деңгейіне
- F) әлеуметтік тұрақтылыққа

29. Хаттың бланкісіне келесідей реквизиттер кіреді:

- A) мемлекеттік елтаңба
- B) ұйымның эмблемасы
- C) министрліктің немесе жоғары тұрған бөлімшелердің атауы
- D) құжат түрі
- E) құжаттың құрастырылу және шығарылу орны
- F) кәсіпорынның байланыс орнату индексі

30. Жоғары буын жетекшілері

A) бастықтың орынбасарлары

B) операцияндық жетекшілер

C) директорлар кеңесі төрғасы

D) компания президенті

E) әлеуметтік жұмыс бөлімі бастығы

F) бөлім меңгерушісі

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік мекемелер аудандардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен арнайы кепілдемелі қосымша қызметтерді бюджеттегі ақша қаражаттарының есебінен тек қана, қатыгез қарау есебінен өмірде қиын жағдайларға, адам саудасы мен баспанасынан айырылу жағдайларында әлеуметтік қайта бейімдеу мен әлеуметтік депривацияға тап болған тұлғаларға көрсетеді. Арнайы әлеуметтік көмек –өмірдің қиын жағдайларына тап болған тұлғаға (отбасына) туындаған әлеуметтік мәселені шешу үшін және қоғамда басқа да азаматтармен өмір сүру мүмкіндігін теңестіру үшін жүргізілетін қызметтердің кешені. Астана қаласының бірнеше азаматы өз еріктерімен шеше алмайтын және олардың өмір сүруіне кедергі келтіретін қиын жағдайға тап болды.

31. Әлеуметтік көмек көрсету аумағында мемлекеттік саясаттың негізгі тапсырмаларына жатпайды:

- A) өмірде қиын жағдайлар туындаған жағдайда оны шешу жолдарын құру
- B) арнайы әлеуметтік көмектің кепілденген көлемімен қамтамасыз ету
- C) арнайы әлеуметтік көмек көрсетудің стандарттарын сақтамауын қамтамасыз ету
- D) көрсетілетін арнайы әлеуметтік көмектің сапасын бағалау мен мониторинг жүйесін дамыту
- E) арнайы әлеуметтік көмектің жүйесін дамытуды қамтамасыз ету

32. Арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілердің мыналарға құқығы жоқ:

- A) бюджеттік ақша қаражаттары есебінен жүргізілетін арнайы әлеуметтік көмекке қажеттілікті анықтау мен бағалауда, арнайы әлеуметтік көмек көрсету үшін байқауларға қатысуға
- B) арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуді ақылы негізде ұсынуға
- C) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету қажеттілігін анықтау мен бағалау
- D) жергілікті атқарушы органдардан қажет етілетін арнайы әлеуметтік қызмет көрсету түрлері мен көлемі туралы ақпаратты сұратуға, алуға
- E) өз қызметтерін көрсетпей қалған бюджеттік ақша қаражаттарын иемдену

33. Өмірдің қиын жағдайларына тап болған тұлғаларға (отбасына) олардың өздері өтініш бермеген жағдайда арнайы әлеуметтік көмек көрсету үшін, себебін көрсете отырып келесі тұлғалар өтініш бере алады:

- A) отбасының кәмелеттік жасқа толмаған мүшесінің бірі
- B) қамқоршы (опекун, попечитель)
- C) қала әкімі
- D) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сай сенімхатсыз келген тұлға
- E) өмірдің қиын жағдайына тап болған тұлғаға (отбасына) арнайы әлеуметтік көмек көрсетпейтін субъект

34. Арнайы әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігін бағалау мен анықтау критерийлеріне жатпайды:

- A) тіршілік әрекетінің шектелуі
- B) әлеуметтік қайта бейімдеу
- C) әлеуметтік депривация
- D) аз қамтылған әлеуметтік орта
- E) отбасының жоғары табысы

35. Келесідей негіздемелерге сай тұлға (отбасы) өмірдің қиын жағдайларына тап болған деп саналмайды:

- A) жетім
- B) ата-аналық қамқорлықтың болуы
- C) кәмелеттік жасқа толмағандарға ата-ананың қарамауы, оның ішінде девианттық тәртіп
- D) ерекше режимде білім беретін ұйымдарға түскен жасы кәмелеттік жасқа толмағандар
- E) туғаннан үш жасқа дейін психофизикалық дамуында ерекше өзгешеліктер ерте байқалған балалар

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау аумағындағы қоғамдық қатынастар мүгедектердің қоғамға бірігуі мен өмір сүру мүмкіндіктерін теңестіру үшін олардың құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық шарттарын анықтайды. Астана қаласының кейбір азаматтары осы категорияға жатқызылады. Алайда осындай жағдайға тап болғанда олардың көбісі өздерінің статусы мен құқықтарын, міндеттерін дұрыс қолдануды білмейді.

36. Мүгедектердің әлеуметтік бейімделуіне жатпайды:

- A) мүгедектерді жеке гигиенаның, өзіне-өзі қызмет көрсетудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынас орнатудың негізгі әлеуметтік дағдыларына оқыту
- B) мүгедектерді жүріп-тұру қозғалысының техникалық көмекші (компенсаторлық) және арнайы құралдарымен қамтамасыз ету
- C) бейімдеудің жеке бағдарламасына сай әлеуметтік қызметтер көрсету
- D) естуі бойынша мүгедектерді жылына жүз сағат көлемінде арнайы қимыл (жест) маманымен қамтамасыз ету
- E) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдар) арнайы әлеуметтік қызмет көрсету

37. Мүгедектік топты анықтау бекітіледі:

- A) он төрт жастан бастап
- B) он бес жастан бастап
- C) он алты жастан бастап
- D) он жеті жастан бастап
- E) он сегіз жастан бастап

38. Мүгедектерді кәсіптік бейімдеуге жатпайды:

- A) кәсіптік бағытталу
- B) кәсіптік оқыту
- C) кәсіптік қайта оқыту
- D) жұмысқа орналастыру
- E) кәсіби сырқаттарын емдеу үшін тегін жолдама ұсыну

39. Мүгедектік медициналық бейімдеу тобына жатқызылмайтындар:

- A) денсаулық жағдайының немесе организмінің бұзылуын қайта қалпына келтіруге бағытталған медициналық емдеуден өткендер
- B) реконструктивті хирургия алғандар
- C) протезді-ортопедиялық көмекке жүгінгендер
- D) денсаулық жағдайының бұзылуын қалпына келтіруге мақсатында санаториялық-курорттық емдеу алғандар
- E) А және Б тобындағы дәрумендерді күнделікті қабылдайтындар

40. Мүгедектердің әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік саясатын құруда мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің мынадай жағдайларда құқығы болмайды:

- А) мүгедектердің заңдық құқықтары мен қызығушылықтарын қамтамасыз ету үшін жергілікті және орталық атқарушы органдарына ұсыныс білдіруге
- В) әлеуметтік қызмет көрсетулер түрлерінің тиімділігін бағалауға қатысуға
- С) мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік- құқықтық актітеріне ұсыныс білдіруге
- Д) өкілетті органның рұқсатынсыз және келісімінсіз өз бетімен спорттық шаралар ұйымдастыруға
- Е) территориялық-өкілетті органдармен бірлесе отырып мәдени-ағартушылық, қоғамдық-мәдени шаралар ұйымдастыруға

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.